

Бекітемін: _____
«Балдырған» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі А.Қ. Бисебаева
«2» «2» 2025-2026оқу жылы

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы»МКҚК бойынша мектепке дейінгі білім берумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пунктін перспективалық жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Жұмыс түрі	Жауаптылар	Жүзеге асыру мерзімі
I. Ақпараттық бөлім				
1	КП-ң 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту	Педагогикалық кеңес	Меңгеруші	Тамыз
2	Консультациялық пунктін жұмысы туралы ақпарат	Дөңгелек үстел, ақпаратты МДҰ сайтына, әлеуметтік желілерге шығару (Instagram,)	Меңгеруші, әдіскер	Қыркүйек
3	Мамандардың жұмысы туралы	Сөз сөйлеу, тұсаукесер (презентация)	КП мамандары	Қыркүйек
4	МДҰ-ға виртуалды экскурсия	МДҰ жұмысы туралы тұсаукесер-фильм, хабарландыру	Меңгеруші, әдіскер	Қыркүйек

II. Консультациялық бөлім

1	«Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған дидактикалық ойындар» «Балабақшада ойын арқылы оқыту: тиімді әдістер мен тәжірибелер»	Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамытуда, оқу қызметіне қызығушылығын арттыруда дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану жолдарын меңгерту және ата-аналарға кеңес беру жұмыстары.	КП мамандары	Қазан
2	«Ертегі- бала жанының азығы»	Ертегілер арқылы балалардың қиялын ұштау, тіл байлығын, сөйлеу мәдениетін және шығармашылық қабілетін дамыту, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру мен рухани тәрбиелеудің маңыздылығын көрсету.	Тәрбиешілер	Қазан
3	Ашық есік күндері	Ашық есік күндерін ұйымдастыру, онда ата-аналар балабақша қызметімен танысып, педагогтерге сұрақтар қойып, өздерін қызықтыратын мәселелер бойынша кеңес ала алады.	Меңгеруші, әдіскер	Қараша
4	Шеберлік сағаттарын өткізу	Ата-аналар мен балаларға арналған бірлескен шеберлік сағаттарын өткізу, мысалы, ойыншықтар жасау, сурет салу, аспаздық және т.б..	Әдіскер	Желтоқсан

5	Жеке мәселелер бойынша кеңес беру	Ата-аналар педагогтер немесе мамандармен бірге баласының дамуы мен тәрбиесіне қатысты мәселелерді талқылай алатын жеке консультациялар ұйымдастыру	КП мамандары	Мамандардың жұмыс кестесі бойынша
6	Ата-аналар мен балаларды МДҰ іс-шараларына қатысуға тарту	Ата-аналар мен балаларды балабақшадағы мерекелер, конкурстар, көрмелер және т.б. сияқты әртүрлі іс-шараларына қатысуға шақыру	Әдіскер	МДҰ жоспарына сәйкес
7	Психологиялық тренингтер	Ата-аналарға күйзелісті (стресс) басқару, эмоционалды интеллектті дамыту, балалармен қарым-қатынастың тиімді әдістері және т.б. бойынша тренингтер. Ата-аналардың алдынан шығатын күрделі тақырыптарды талқылауға, тәжірибе алмасуға және бір-бірін қолдауға бағытталған топтық сабақтар.	Психолог, әдіскер	Қаңтар
III. Әдістемелік бөлім				
1	«Ерте жастағы балалардың даму ерекшеліктері»	Жас ерекшеліктеріне сай дамытуға арналған диагностикалық әдістер мен жаттығулар жөнінде кеңес беру	Педагог-психолог	Қаңтар

2	2. Балалардың ұйқы, тамақтану тәртібі "Салауатты күн тәртібі – баланың дұрыс дамуының негізі"	Дұрыс тамақтану ережелерімен таныстыру	Медбике	Ақпан
3	3 "Балалардың мінез-құлқы және қауіпсіз орта қалыптастыру жолдары"	Балалардың мінез-құлқын қалыптастыруда жағымды тәрбие беру тәсілдерін анықтау, қауіпсіз орта құру арқылы олардың денсаулығы мен психологиялық жайлылығын қамтамасыз ету жолдарын көрсету.	Әдіскер	Наурыз
4	4. «Мектеп жасына дейінгі балалардың өмірінде тыңдау мен музыканың орны» «Музыканың бала дамуына ықпалы: есту мәдениеті мен эстетикалық тәрбие»	Музыканың мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық, танымдық дамуына әсерін түсіндіру, есту мәдениетін қалыптастыру және эстетикалық тәрбие арқылы өнерге деген қызығушылығын ояту.	Музыка жетекшісі	Сәуір
5	7. «Балалардың үдесі: ойын қызметі» «Ойын – баланың дамуына жол: балалық шақтың негізгі қызметі»	Ойын әрекетінің бала дамуындағы маңызын ашу, танымдық қабілеттерін, шығармашылығын, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудағы рөлін түсіндіру және ойын арқылы тәрбиелеу мен оқытудың тиімділігін көрсету.	Ересек топ тәрбиешілері	Мамыр

IV. Медиаконтент

1	Консультациялық пункттің ақпаратты МДҰ сайтына, әлеуметтік желілерге шығару жұмысы туралы ақпарат.		Әдіскер	МДҰ сайтына шығару
2	Мамандардың жұмысы туралы	Сөз сөйлеу, тұсаукесер (презентация)	Әдіскер	